

Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметтері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 21 наурыздағы N 124 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 27 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4131. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 311 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасының халқына бастапқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1304 қаулысын іске асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН: Қараңыз P092131, K090193

1. Қоса беріліп отырған Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдардың қызметі (бұдан әрі - БМСК) туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары осы бұйрыққа сәйкес нормативтік құқықтық актілерге қажетті өзгерістер енгізсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау департаменттерінің басшылары (келісім бойынша) осы бұйрыққа сәйкес БМСК ұйымдарының қызметін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Емдеу-алдын алу ісі департаментінің директоры (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми жариялауға жіберсін.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Емдеу-алдын алу ісі департаментінің директоры (Байсеркин Б.С.) облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау департаменттерінің директорларымен (келісім бойынша) бірлесе отырып мамандандырылған көмек бойынша мыналарды анықтасын және ұсынсын:

1) 2006 жылғы 10 сәуірге дейін мамандықтар мен лауазымдардың номенклатурасын, мамандардың функциялары мен жұмыс көлемінің нормативтерін;

2) 2006 жылғы 1 мамырға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне 2007 жылға арналған шығыстарды жоспарлау үшін ұсынсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.А.Ақановқа жүктелсін.

8. Осы бұйрық оны ресми жариялаған күнінен бастап күшіне енеді және 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Министр

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ	с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 6	ж ы л ғ ы 2 1 н а у р ы з д а ғы
N 1 2 4	б ұ й р ы ғы м е н

бекітілген

Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының (бұдан әрі - БМСК) қызметін, үлгілік ұйымдастыру құрылымын, үлгілік штаттары мен штат нормативтерін және емханаларда, БМСК орталығында, дәрігерлік амбулаторияда, медициналық пунктте халыққа медициналық қызмет көрсетудің көлемі мен деңгейінің нормативтерін реттейді.

2. БМСК көрсететін ұйымдардың қызметтері азаматтарға жергілікті мекен-жайы және/немесе медициналық ұйымдарды еркін таңдау құқығы есепке ала отырып тіркеу бойынша медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында аумақтық қағидат бойынша құрылады.

3. БМСК ұйымының жұмыс режимін кезекші дәрігерлердің демалыс және мереке күндеріндегі жұмысын қамтамасыз ете отырып, денсаулық сақтау саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару органдары белгілейді.

4. БМСК дербес ұйымдары заңды тұлға құқықтарын пайдаланады, мөртабаны, мөртаңбасы мен өзінің атауы белгіленген фирмалық бланкісі бар.

5. БМСК ұйымдары Қазақстан Республикасының Конституциясына, денсаулық сақтау саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге, Жарғыға және осы Ережеге сәйкес жұмыс істейді.

6. Емхана - өзіне алдын алу, диагностикалық және емдеу қызметтерін камтитын, тұрғындарға бастапқы медициналық-санитарлық, мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйым.

7. Емхананың құрылымына:

1) жалпы дәрігерлік практика және/немесе учаскелік қызмет, күндізгі стационар бөлімшесі мен қосалқы қызметтер;

2) мамандандырылған көмек;

3) зертханалық-диагностикалық көмек бөлімшесі кіреді.

8. БМСК орталығы - тұрғындарға бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйым.

9. БМСК орталығының құрылымына жалпы дәрігерлік практика және/немесе учаскелік қызмет, зертханалық-аспаптық диагностика, күндізгі стационар және қосалқы қызмет кіреді.

10. Дәрігерлік амбулатория - тұрғындарға бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін дербес заңды тұлға немесе БМСК орталығының құрылымдық бөлімшесі немесе жалпы дәрігерлік практика және/немесе учаскелік қызметтің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын медициналық ұйым.

11. Дәрігерлік амбулаторияның құрылымына жалпы дәрігерлік практика және /немесе учаскелік қызмет, күндізгі стационар және қосалқы қызмет кіреді.

12. Медициналық пункт - тұрғындарға дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсететін дәрігерлік амбулаторияның, БМСК орталығының құрылымдық бөлімшесі.

13. БМСК ұйымдарындағы бастапқы медициналық-санитарлық көмекті жалпы практика дәрігерлері, учаскелік терапевтер мен педиатрлар, акушер-гинекологтар мен басқа да мамандар, жалпы практика медбикелері, учаскелік медбикелер, фельдшерлер, акушерлер мен басқа да бейін медбикелері жүзеге асырады.

14. Жалпы практика дәрігері (бұдан әрі - ЖПД) - бұл ересектер мен балаларға жынысы мен жасына қарай бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету бойынша арнайы көп бағдарлы даярлықтан өткен, дербес амбулаториялық аралас қабылдауды жүзеге асыратын, алдын алу және оңалту іс-шаралары кешенін өткізетін, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, медициналық-әлеуметтік проблемаларды шешуге жәрдемдесетін шұғыл медициналық көмек көрсететін маман.

15. ЖПД лауазымына "Жалпы дәрігерлік практика" (бұдан әрі - ЖПД) мамандығы бойынша интернатураны немесе клиникалық ординатураны бітірген мамандар, кәсіптік қайта даярлықтан өткен және ЖПД бойынша куәлік немесе сертификат алған мамандар тағайындалады.

16. Жалпы практика медбикесі - жалпы практика дәрігерімен өзінің қызметін жүзеге асыратын және тұрғындарды диагностикалық, алдын алу және оңалту іс-шараларын қоса алғанда, дәрігерге дейінгі көмекпен қамтамасыз ететін медбике ісі саласындағы маман.

17. Учаскелік медбике - учаскелік терапевт дәрігермен (терапевтпен және педиатрмен) бірлесіп өзінің қызметін жүзеге асыратын және тұрғындарға (ересектер мен балаларға) диагностикалық, алдын алу және оңалту іс-шараларын қоса алғанда, өзінің құзыреті шегінде дәрігерге дейінгі көмекті қамтамасыз ететін медбике ісі саласындағы маман.

18. Медбике лауазымына тиісті қосымша медициналық білім циклдарында мамандандыру мен жетілдіруден өткен»"жалпы практика медбикесі" біліктілігімен базалық орта медициналық білімі бар медбикелер тағайындалады.

19. Халыққа мамандандырылған көмек диагностиканың, емдеудің арнайы әдістерін және күрделі медициналық технологияларды пайдалануды талап ететін аурулар кезінде көрсетіледі.

20. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Лауазымдардың тізбесі бойынша аудандық және қалалық емханалардың деңгейінде халыққа мамандандырылған көмек көрсетіледі.

21. Тиісті бейін бойынша мамандандырылған көмек көрсететін дәрігердің (бұдан әрі - бейін маманы) лауазымына бастапқы мамандандыруды немесе бейіндік маман бойынша қайта даярлаудан өткен "Емдеу ісі" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі бар маман тағайындалады.

22. Зертханалық-диагностикалық бөлімше (бұдан әрі - ЗДБ) диагнозды анықтау, растау немесе алып тастау мақсатында диагностикалық және зертханалық зерттеулер жүргізуге арналған.

23. ЗДБ құрылымына мынадай зертханалар, кабинеттер кіреді: ультрадыбыстық зерттеулер, рентген диагностикалық, эндоскопиялық зерттеулер мен функционалдық диагностика.

24. Күндізгі стационар, кабинеттер: егу, емшара, физиотерапиялық емдеу мен емдік дене шынықтыру мәдениеті (бұдан әрі - ЕДМ), алдын алу және диспансерлеу, химизатор, дәріханалар жалпы практика және/немесе учаскелік қызметтің бөлімшесінің құрылымында ұйымдастырылады.

25. Күндізгі стационардың жұмысы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2596 тіркелген»"Стационарды алмастыратын медициналық көмекті дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 қарашадағы N 840 бұйрығымен реттеледі.

2. БМСК ұйымдарының функциялары

26. Емхананың негізгі функциялары мыналар:

- 1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен түрлер мен көлемдерге сәйкес амбулаториялық жағдайда, күндізгі стационарда және үйде тұрғындарға бастапқы медициналық-санитарлық, мамандандырылған медициналық, зертханалық-диагностикалық көмек көрсету;
- 2) учаскелік терапевтер мен педиатрлардың, акушер-гинекологтардың, жалпы практика дәрігерлерінің, медбикелердің (учаскелік және жалпы практика), акушерлердің бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуі;
- 3) бейін мамандарының мамандандырылған медициналық көмек көрсетуі;
- 4) зертханалық-диагностикалық қызметтер көрсетуі;
- 5) аурулардың ерте және жасырын нысандары мен қауіп-қатер факторларын айқындауға бағытталған алдын алу іс-шараларын жүзеге асыру;
- 6) санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы іс-шараларды жүзеге асыру;
- 7) иммундық алдын алуды ұйымдастыру және өткізу;
- 8) халықты денсаулық сақтау, аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелеріне үйрету; V074550
- 9) азаматтарды БМСК мамандарының мамандандырылған көмек және зертханалық-диагностикалық қызметтер алу үшін, стационарлар мен санаторийлық-курорттық емдеуге жіберуі;
- 10) құрылымдық бөлімшелердің қызметтерін үйлестіру.

27. Жалпы практика және/немесе учаскелік қызмет бөлімшесінің (бұдан әрі - ЖПБ) негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) халыққа амбулаториялық қабылдауда және үйде бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету;
- 2) жіті және созылмалы аурулар, жарақаттар, уланулар мен басқа да бақытсыз жағдайлар болған жағдайда науқастарға бастапқы және шұғыл көмек көрсету;
- 3) ауруларды ертерек анықтау, емделушілерді тексеру;
- 4) стационарлық емдеуді қажет ететін науқастарды ауруханаға жатқызу;
- 5) науқастарды қалпына келтіре емдеу;
- 6) диспансерлеу және алдын алу тексерулері;
- 7) Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің қызметкерлерімен халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселесі бойынша бірлескен қызмет;
- 8) науқастардың уақытша еңбекке қабілетсіздігін сараптау, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарына еңбекке қабілеттілігін тұрақты жоғалу белгісі бар адамдарды жіберу ;

9) белгіленген тәртіппен статистикалық есеп пен есептілік жүргізу, статистикалық деректерді талдау;

10) салауатты өмір салтын (бұдан әрі - СӨС) насихаттау.

28. Тіркеу орнының функциялары мыналар болып табылады:

1) жай және телефон арқылы тікелей емханаға өтініш білдірген науқастарды үйде қызмет көрсету үшін дәрігердің және олардың құзыретіндегі мәселелер бойынша орта медицина қызметкерлерінің қабылдауына алдын ала жазуды жүзеге асыру;

2) халықтың жіті ағымын реттеу;

3) дәрігерлердің бөлмелеріне медициналық құжаттарды іріктеу және әкелу, картотекаларды дұрыс жүргізу мен сақтау;

4) халықты:

дәрігерлердің аптаның барлық күндерінде, оның ішінде демалыс және мереке күндерінде қабылдау сағаттары, бөлмелерінің нөмірлері көрсетіле отырып, қабылдаулары туралы ақпарат;

дәрігерді үйге шақыру ережесі туралы, дәрігерлердің қабылдауына алдын ала жазылу тәртібі туралы, бас дәрігердің және оның орынбасарларының қабылдау уақыты мен орны, дәріханалардың, емханалардың халыққа кешкі, түнгі уақытта және демалыс пен мереке күндерінде шұғыл дәрігерлік көмек көрсететін стационарлардың мекен-жайлары;

емханалардың жұмыс тәртібі, зерттеулерге дайындау ережесі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;

5) емхана дәрігерлеріне қабылдауға жазу және дәрігерлерді үйге шақыруларды тіркеу;

6) белгіленген тәртіппен флюорографиялық тексеруге және алдын алу тексерулеріне жолдама беру;

7) уақытша еңбекке жарамсыздыққа парақтар мен анықтамаларды ресімдеу, берілген анықтамаларды, жолдамаларды, рецепттер мен еңбекке жарамсыздық парақтарының, анықтамаларының арнайы журналдарынан жазбаларды, электрлік-кардиографиялық және басқа да тексерулерді, рецепт бланкілерін есепке алу мен тіркеуді тиісті мөрлермен растау.

29. БМСК орталығы мен дәрігерлік амбулаторияның функциялары мамандандырылған көмекті қоспағанда осы Ереженің 26 және 27-тармақтарда белгіленген.

30. Медициналық пункттің негізгі функциялары мыналар:

1) дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету;

2) дәрігерлік тағайындауларды орындау;

3) алдын алу және індетке қарсы іс-шаралар;

4) иммундық алдын алуды ұйымдастыру және өткізу;

- 5) халықты денсаулық сақтау, аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелеріне үйрету;
- 6) білікті медициналық көмек алуға жіберу;
- 7) дәрілік заттар айналымы саласындағы заңмен белгіленген тәртіппен бекітіліп берілген тұрғындарды дәрілік қамтамасыз ету.

3. Лауазымдық міндеттері

31. Жалпы практика дәрігерінің лауазымдық міндеттері:

- 1) денсаулық сақтауды, әлеуметтік медицинаны және менеджментті, медициналық статистиканы ұйымдастыру негіздерін білу;
- 2) барлық жас топтарындағы адамда кездесетін негізгі симптомдар мен белгілерді, асқынуларды, осы аурулардың алдын алу құралдарын және оңалту мүмкіндіктерін, операциялық араласуларға айғақтарын және дәрілік заттардың қарсы әсерлерін білу;
- 3) бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету;
- 4) тұрғындарды алдын алу тексерулерін жүргізу;
- 5) тұрғындарды санитарлық-гигиеналық үйретуді жүзеге асыру;
- 6) алдын алу жұмысын белгіленген тәртіппен аурулардың ерте және жасырын нысандарын, әлеуметтік-елеулі ауруларды анықтауға бағытталған салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі бойынша және мінез-құлықтық қатер факторларының алдын алу бойынша кеңес беру;
- 7) науқастарды бейін мамандарына консультацияға жіберу;
- 8) рецептер жазып беру, уақытша еңбекке жарамсыздық парағын немесе анықтамалар, қайтыс болуы туралы куәлік беру, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарына еңбекке жарамдылығын тұрақты жоғалту белгілері бар адамдарды жіберу;
- 9) мыналарды:

осы бұйрыққа қоса берілген бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының тұрғындарға медициналық қызмет көрсету көлемінің нормативтеріне сәйкес зертханалық-аспаптық зерттеулердің ең аз көлемін пайдалану арқылы диагностикалауды;

амбулаториялық жағдайда, күндізгі стационарда және үйдегі стационарда пациенттерді емдеуді;

балаларды, оның ішінде жаңа туған нәрестелерді, асқынған аурулары жоқ жүкті әйелдерді үйлерінде қарауды;

міндетке қарсы іс-шаралар мен иммундық алдын алуды жүргізу;

- 10) белгіленген тәртіппен тіркелген жұқпалы ауруға, тамақтан және кәсіптік улануға күмәндану туралы хабарлау;

11) тиісті органдарға суық немесе атылатын қарудан алынған жарақат, сондай-ақ басқа да зорлау арқылы алынған жарақаттар, сондай-ақ басқа да зорлықпен жасалған жарақаттар, зорлық жасалған деген күдік туралы хабарлау;

12) емдеуге жатқызуға, санаториялық-курорттық емдеуге және медициналық айғақтары бойынша қалпына келтіру емдеуіне жолдама беру;

13) басқа медициналық ұйымдармен, сақтандыру компанияларымен, әлеуметтік көмек көрсететін ұйымдармен және өзге де ұйымдармен өзара і с - қ и м ы л ж а с а у ;

14) тұрғындарды бақылауды жүзеге асыру және медициналық көмек көрсетудің барлық кезеңдеріндегі сабақтастықты қамтамасыз ету;

15) тұрғындардың жекелеген санаттарын диспансерлеу және динамикалық б а қ ы л а у ;

16) медициналық этика мен деонтологияның талаптарын сақтау;

17) орта медицина қызметшілерінің қызметіне басшылық жасау;

18) белгіленген тәртіппен есепке алуды енгізу және есеп тапсыру;

19) өзінің біліктілігін арттыру болып табылады.

32. Участкелік дәрігер-терапевтің міндеттері ересек адамның ағзасында жиі кездесетін ауруларының негізгі симптомдары мен белгілерін, асқынуларын, осы аурулардың алдын алу құралдарын және оңалту мүмкіндіктерін, операциялық араласуларға көрсеткіштерді, дәрілік заттардың айғақтары мен қарсы айғақтарын және қарсы әсерлерін білуді қамтиды және осы Ереженің 35-тармағына сәйкес балаларды, оның ішінде жаңа туған нәрестелерді, жүкті әйелдерді үйде қарауды қоспағанда жүзеге асырылады.

33. Участкелік дәрігер-педиатр мен педиатриялық учаскенің учаскелік медбикесінің лауазымдық міндеттері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2561 тіркелген»"Қазақстан Республикасында балаларға амбулаториялық-емханалық көмекті одан әрі жетілдіру туралы"» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 17 қазандағы N 760 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

34. Акушер-гинеколог пен акушердің лауазымдық міндеттері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2473 тіркелген»"Әйелдер консультациясының (кабинетінің) қызметін ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 тамыздағы N 612 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Жалпы практика медбикесінің лауазымдық міндеттері:

1) БМСК қызметтерін реттейтін нормативтік құжаттарды білу және орындау;

2) практикалық қызметте медбике ісінің теориялық және ғылыми-әдістемелік негіздерін қ о л д а н у ;

3) медициналық этика мен деонтология қағидаттарын сақтау;

- 4) санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтау;
- 5) жаңа туған нәрестелерді, балаларды, жүкті әйелдерді үйде қарау;
- 6) өз құзыретінің шегінде диспансерлеу, сондай-ақ диспансерлік науқастар тобын қалыптастыруды жүзеге асыру;
- 7) өз құзыретінің шегінде ересектер мен балалардың жұқпалы ауруларының иммундық алдын алу және алдын алу жүргізу;
- 8) денсаулықты сақтау, нығайту, салауатты өмір салтын енгізу, санитарлық-гигиеналық тәрбиелеу, медициналық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек, отбасын жоспарлау мәселелері бойынша пациенттерге және олардың отбасы мүшелеріне консультациялық көмек көрсету. Денсаулығы нашарлауының алғашқы симптомдарында өзін-өзі бақылауы мен өзіне-өзі көмек көрсетуді үйрету;
- 9) жіті аурулар, жарақаттар, уланулар және басқа да бақытсыз жағдайларға ұшыраған кезде шұғыл көмек көрсету;
- 10) дәрігерге дейінгі қабылдауды учаскелердің жалпы практика, терапия және педиатрия медбикелері жүзеге асырады
- 11) дәрігерге дейінгі қабылдаудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

бойды, салмақты, дене қызуын, қан қысымын өлшеу; диагностикалық іс-шараларды (есту, көру жиілігін, көздің қан қысымын анықтау; электрокардиограммалар-ЭКГ түсіру; зертханалық зерттеулер жүргізу (қан мен несептің клиникалық талдауы, оның ішінде тест-жүйенің көмегімен) биохимиялық, бактериологиялық және басқа да зерттеулер үшін материал алу; қанның клиникалық талдауларын) жүргізу;

дәрігерге жіберу жеделдігі туралы мәселені шешу үшін науқастарды қаблдау ;

- өз құзыретінің шегінде БМСК ұйымдарында пайдаланылатын медициналық есепке алу-есеп беру құжаттарын толтыру;
- қабылданған күні дәрігерлік қабылдауды қажет етпейтін науқастарды зертханалық және басқа да зерттеулерге жіберу;
- 12) үйде және күндізгі стационарда медбикелік күтім жасауды ұйымдастыру;
 - 13) кіші медициналық қызметшінің жұмысын үйлестіру;
 - 14) өз біліктілігінің деңгейін арттыру болып табылады.

36. Учаскелік медбике (терапиялық немесе педиатриялық) - өзінің құзыреті шегінде, сондай-ақ осы Ереженің 35-тармағына сәйкес көзделген нормалармен тұрғындарға диагностикалық, алдын алу және оналту іс-шараларын қоса алғанда, дәрігерге дейінгі көмекті қамтамасыз етеді.

37. Бейін маманының лауазымдық міндеттері:

- 1) диспансерлік есепте тұрған науқастар мен адамдарды консультативтік

кабылдауды, БМСК дәрігерінің жолдамасы бойынша алдын алу тексерулерін жүргізу;

2) медициналық білім мен ғылымның осы заманғы жетістіктерін пайдалана отырып, тексерулер жүргізу;

3) науқастарға мамандандырылған бейіндік көмек жүргізу;

4) аурудың дамуы мен өршуін болдырмауға бағытталған алдын алу іс-шараларын жүзеге асыру;

5) айғақтарына сәйкес медициналық-санитарлық сараптамаға бағытталған ауруханаға жатқызуды жүзеге асыру;

6) аурушандыққа, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, мүгедектік пен өлім-жітімге, сондай-ақ алдын алу іс-шараларының тиімділігіне талдау жүргізу;

7) алдын алудың, диагностика мен емдеудің осы заманғы әдістерін қолдану;

8) учаскелік терапевтер мен педиатрларға, жалпы практика дәрігерлеріне бейін бойынша ауруларды ерте диагностикалау мен алдын алу жөніндегі әдістемелік көмек көрсету;

9) кабинеттің орта медициналық қызметшілерінің жұмысын бақылау мен басшылық етуді жүзеге асыру;

10) біліктілігін арттыру болып табылады.

38. БМСК ұйымдарының үлгілік ұйымдастыру құрылымы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес анықталады.

39. БМСК ұйымдарының халыққа медициналық қызмет көрсету көлемінің ең аз нормативтері осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес анықталады.

40. БМСК ұйымдарының үлгілік штаттары мен штат нормативтері осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес анықталады.

Жалпы практика мамандарының төменде көрсетілген мынадай лауазымдарды толық алмастырылғанға дейінгі кезеңде:

бекітіліп берілген 2200 ересек тұрғынға учаскелік терапевтің 1 лауазымы;

бекітіліп берілген 900 бала тұрғынға учаскелік педиатрдың 1 лауазымы;

бекітіліп берілген 3300 және одан да көп әйелге акушер-гинекологтың 1 лауазымы;

учаскелік терапевтің 1 лауазымына учаскелік медбикенің 1 лауазымы;

учаскелік педиатрдың 1 лауазымына учаскелік медбикенің 1 лауазымы;

балалы болу жасындағы 3300 әйелге дейін қызмет көрсету үшін акушердің 1 лауазымы белгіленеді. Бекітіліп берілген әйелдердің саны 3300 және одан да көп болған жағдайда акушердің лауазымы акушер-гинеколог дәрігерлердің лауазымы санына сәйкес белгіленеді.

Жалпы практиканың орта медициналық персоналының үш лауазымының біреуі акушердің лауазымына ауыстырылады.

Осы Ережеге 3-қосымшада көзделген БМСК ұйымдарының штат

нормативтері ең аз болып табылады және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау департаменттерінің шешімдерімен сәйкес келуі м ү м к і н .

Елді-мекендердегі БМСК жүйесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1304 қаулысымен бекітілген мынадай жаңа мемлекеттік нормативтерге толық сәйкес келтіру керек: Қараныз P092131

50-ден 300 адамға жеке үй-жайы жоқ орта медициналық қызметшінің (медбике/фельдшер) 1 лауазымы;

300-800 адамға дейін: - фельдшерлік пунктте орта медициналық қызметшінің (медбике/фельдшер) 1 лауазымы;

800-2000 адамға дейін: - фельдшерлік-акушерлік пунктте орта медициналық қызметшінің (медбике/фельдшер және акушер) 2 лауазымы;

медициналық пункт тұрғындарының саны 1000-нан 2000-ға дейін болатын ауылдық округ орталығында құрылмайды;

сондай-ақ бұл норматив тұрғындарының саны 2000 адамға дейін болатын ауылдық округ орталығы емес, елді мекендерде орналасқан медициналық пункттерде белгіленеді.

Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 639 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

БМСК	көрсететін	ұйымдардың
қызметі	туралы	ережеге
1-қосымша		

БМСК ұйымдарының үлгілік ұйымдастыру құрылымы

1. Емхананың үлгілік ұйымдастыру құрылымы мынадай жалпы практика бөлімшесінен және/немесе учаскелік қызмет пен қосалқы қызметтерден (бұдан әрі - ЖПБ), мамандандырылған көмек бөлімшесінен, зертханалық-диагностикалық бөлімшеден тұрады:

1) жалпы практика бөлімшесінен және/немесе учаскелік қызмет бөлімшесінің құрылымы:

	тіркеу	орны;
	бөлімше	менгерушісінің кабинеті;
жалпы практика дәрігерлерінің немесе учаскелік терапевт, педиатрлардың кабинеттері;		
жалпы практика, учаскелік қызмет медбикелерінің кабинеттері;		
алдын алу және диспансерлеу кабинеті;		
дені сау бала кабинеті;		

ем ш а р а к а б и н е т і ;
е г у к а б и н е т і ;
к ү н д і з г і с т а ц и о н а р ;
физиотерапиялық емдеу және емдеу-дене шынықтыру мәдениеті кабинеттері;

туберкулезге қарсы препарттарды қабылдау кабинеті (химизатор);
медициналық статистика кабинеті;
д ә р і х а н а ;

2) мамандандырылған көмек бөлімшесінің құрылымы:
бөлімше меңгерушісінің кабинеті;
бейін мамандарының қабылдау кабинеттері;
ем - ш а р а к а б и н е т і ;
т а ң у к а б и н е т і ;
кіші операция бөлмесі;
о қ ш а у л а ғ ы ш ;

3) зертханалық-диагностикалық көмек бөлімшесі:
сәулелік диагностика (рентген- және флюорография) кабинеті;
ультрадыбыстық диагностика кабинеті;
функционалдық диагностика кабинеті;
эндоскопиялық кабинет;
з е р т х а н а ;
қақырық алуға арналған бөлме.

2. БМСК орталығының үлгілік ұйымдастыру құрылымы тіркеу орны;
д и р е к т о р д ы ң к а б и н е т і ;
дәрігерлік қабылдау кабинеттері;
медбикелердің (дәрігерге дейінгі қабылдау) кабинеті;
акушерлік-гинекологиялық қабылдау кабинеті;
о қ ш а у л а ғ ы ш ;
дені сау бала кабинеті;
кіші операция жасау бөлмесі;
т а ң у к а б и н е т і ;
ем - ш а р а к а б и н е т і ;
физиотерапиялық емдеу кабинеттері;
функционалдық диагностика кабинеті;
медициналық статистика кабинеті;
к ү н д і з г і с т а ц и о н а р ;
рентгендік-диагностикалық кабинет;
з е р т х а н а ;
қақырық алуға арналған бөлме;

туберкулез препараттарын (химизатор) қабылдау кабинеті;

д ә р і х а н а .

3. Дәрігерлік амбулаторияның үлгілік ұйымдастыру құрылымы:

дәрігерлік қабылдау кабинеттері;

медбикелердің (дәрігерге дейінгі қабылау) кабинеті;

о қ ш а у л а ғ ы ш ;

ем - ш а р а (е г у) кабинеті;

физиотерапиялық емдеу кабинеттері;

қақырық алуға арналған бөлме;

туберкулез препараттарын (химизатор) қабылдау кабинеті;

д ә р і х а н а .

4. Медициналық пункттің үлгілік ұйымдастыру құрылымы:

орта медицина қызметшілерінің кабинеттері;

акушерлік қабылдау кабинеті;

ем - ш а р а (е г у) кабинеті;

қақырық алуға арналған бөлме;

туберкулез препараттарын (химизатор) қабылдау кабинеті;

дәріхана пункті.

БМСК

көрсететін

ұйымдардың

қызметі

туралы

ережеге

2-қосымша

БМСК ұйымдарының халыққа медициналық қызмет көрсету көлемінің ең аз нормативтері

1. Бұл бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының халыққа медициналық қызмет көрсету көлемінің нормативтері бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында көрсетілетін медициналық қызметтің ең аз көлемін, зертханалық-аспаптық зерттеулердің ең аз көлемінің т і з б е с і н қ а м т и д ы .

2. Медициналық қызметтің ең аз көлемі мыналарды қамтиды:

1) е м х а н а д а :

Толық көлемдегі талдаулар:

талдау клиникалық, биохимиялық және бактериологиялық;

з е р т т е у л е р :

рентгенодиагностикалық;

ф у н к ц и о н а л д ы ;

и м м у н о л о г и я л ы қ ;

г о р м а н а л ь д ы ;

г е н е т и к а л ы қ ;
г и с т о ц и т о л о г и я л ы қ .

2) Б М С К о р т а л ы ғ ы н д а :
қ а н н ы ң к л и н и к а л ы қ т а л д а у ы ;
н е с е п т і ң ж а л п ы т а л d а у ы ;
б а к т е р и о л о г и я л ы қ з е р т т е у ;
б и о х и м и я л ы қ з е р т т е у л е р ;
ф у н к ц и о н а л д ы қ з е р т т е у л е р ;
у л ь т р а д ы б ы с т ы қ з е р т т е у ;

к л и н и к а л ы қ , б и о х и м и я л ы қ , б а к т е р и о л о г и я л ы қ ж әне б а с қ а д а з е р т т е у л е р ү ш і н
м а т е р и а л д а р а л у ;

3) д ә р і г е р л і к а м б у л а т о р и я д а :
қ а н н ы ң к л и н и к а л ы қ т а л d а у ы : г е м о г л о б и н , л е й к о ц и т т е р , э р и т р о ц и т т е р , Э Ш Ж ,
м и к р о р е а к ц и я , қ а н қ а н т ы (қ а н н ы ң б и о х и м и я л ы қ т а л d а у ы - и н д и к а т о р л а р , т е с т
ж ү й е , т и і с т і з е р т x а н а л ы қ ж а б д ы қ т а р б о л ғ а н ж а ғ d а й d а : қ а н н е с е п н ә р і , б а у ы р
с ы н а м а л а р ы - А Л Т , А С Т , т и м о л , б и л и р у б и н) ;
н е с е п т і ң ж а л п ы т а л d а у ы ;

б а к т е р и о л о г и я л ы қ з е р т т е у л е р : к о п р о г р а м м а , т у б е р к у л е з м и к р о б а к т е р и я с ы н а
а р н а л ғ а н қ а қ ы р ы қ т ы ң т а л d а у ы ;
э л е к т р о к а р д и о г р а ф и я ;
е с т у , к ө р у ө т к і р л і г і н , к ө з і ш і л і к қ а н қ ы с ы м ы н а н ы қ т а у ;
п и к ф л у о м е т р и я ;

к л и н и к а л ы қ , б и о х и м и я л ы қ , б а к т е р и о л о г и я л ы қ ж әне б а с қ а d а з е р т т е у л е р ү ш і н
м а т е р и а л d а р а л у ;

4) м е д и ц и н а л ы қ п у н к т т е :
к л и н и к а л ы қ , б и о х и м и я л ы қ , б а к т е р и o л o г и я л ы қ ж әне б а с қ a d a з e р т t e u л e р ү ш і н
м а т e р и a л d a р a л у ;
т e с т - ж ү й e н і ң к ө м e г і м e н з e р т t e u л e р жү р г і з у ;
э р и т р o ц и т т e р д і ң ш ө г у ж ыл d a м d ы ғ ы н , г e м o г л o б и н н і ң д e ң г e й і н а н ы қ т а у .

БМСК көрсететін ұйымдардың
қызметі туралы ережеге

3-қосымша

БМСК ұйымдардың үлгілік штаттары мен штат нормативтері

I. Емханалардың үлгілік штаттары мен штат нормативтері:

1) әкімшілік

1.	Бас дәрігер	1 лауазым
2.	Бас дәрігердің емдеу-алдын алу ісі жөніндегі орынбасары	1 лауазым
3.	Менеджер	1 лауазым
4.	Бас медбике	1 лауазым

5.	Бухгалтер	1 лауазым
6.	Экономист	1 лауазым
7.	Іс жүргізуші (хатшы)	1 лауазым

**2) жалпы практика және/немесе учаскелік қызмет бөлімшесінің
үлгілік штаттары мен штат нормативтері**

8.	жалпы дәрігерлік практика немесе БМСК бөлімшесінің меңгерушісі	жалпы практика дәрігерлерінің 8 лауазымына 1 лауазым
9.	Жалпы практика дәрігері	тіркелген 2000 адамға (ересектер мен балалар) 1 жалпы практика дәрігері лауазымы
10.	Учаскелік терапевт	тіркелген ересек 2200 адамға 1 лауазым
11.	Учаскелік педиатр	тіркелген ересек 900 адамға 1 лауазым
12.	Акушер-гинеколог	тіркелген 3300 әйелге 1 лауазым
13.	Алдын алу және диспансерлеу (СӨҚ) жөніндегі дәрігер	1 лауазым
14.	Физиотерапевт	Амбулаториялық қабылдау жүргізетін дәрігердің 20 лауазымына 1 лауазым
15.	ЕДМ дәрігері	Амбулаториялық қабылдау жүргізетін дәрігердің 30 лауазымына 1 лауазым
16.	Күндізгі стационар дәрігері	20 төсекке 1 лауазым
17.	Аға медбике	Дәрігерлердің 8 лауазымына 1 лауазым
18.	Жалпы практика медбикесі	Жалпы практика дәрігерлерінің 1 лауазымына 3 лауазым
19.	Терапиялық учаскенің учаскелік медбикесі	Учаскелік терапевттың 1 лауазымына 1 лауазым
20.	Педиатриялық учаскенің учаскелік медбикесі	Учаскелік педиатрдың 1 лауазымына 1 лауазым
21.	Акушер	Акушер-гинеколог дәрігердің 1 лауазымына 1 лауазым
22.	Егу кабинетінің медбикесі	тікелей қызмет көрсетілетін 3000 балаға немесе 10000 аралас тұрғынға шаққандағы есеппен 1 лауазым
23.	Емшара кабинетінің медбикесі	Амбулаториялық қабылдау жүргізетін дәрігерлердің 10 лауазымына 1 лауазым
24.	ЕДМ медбикесі	Дәрігерлердің 30 лауазымына 1 лауазым және емханада травматологиялық пункт (кабинет) болған жағдайда қосымша 0,5 лауазым
25.	Физиотерапия медбикесі	Жылына 15 мың шартты физиотерапиялық бірлікке 1 лауазым
26.	Медбике-химизатор	1 лауазым
27.	Күндізгі стационар медбикесі	15 төсекке 1 лауазым
28.	Статистика медбикесі	1 лауазым
29.	Медициналық тіркеуші	Амбулаториялық қабылдау жүргізетін 5 дәрігерге 1 лауазым
30.	Аға тіркеуші	8 тіркеушіге 1 лауазым
31.	Шаруашылық бикесі	1 лауазым
32.	Дәрігерлер кабинетінің санитары	Амбулаториялық қабылдау жүргізетін әрбір 3 дәрігерге 1 лауазым

33.	Емшара кабинетінің санитары	Ауысымға 1 лауазым
34.	Физиотерапиялық кабинеттер мен ЕДМ санитары	Физиотерапия бойынша медбикенің әрбір екі лауазымына 1 лауазым
35.	Өзге қызметшілер (күзетші немесе күзетші/пеш жағушы, жүргізуші)	5 лауазым

3) мамандандырылған көмек бөлімшесінің үлгілік штаттары мен штат нормативтері

36.	Бөлімше меңгерушісі	1 лауазым
37.	кардиоревматолог	25 мың тұрғынға 1 лауазым
38.	хирург	15 мың тұрғынға 1 лауазым
39.	травматолог-ортопед	30 мың тұрғынға 1 лауазым
40.	отоларинголог	20 мың тұрғынға 1 лауазым
41.	офтальмолог	15 мың тұрғынға 1 лауазым
42.	невропатолог	15 мың тұрғынға 1 лауазым
43.	эндокринолог	20 мың тұрғынға 1 лауазым
44.	инфекционист	30 мың тұрғынға 1 лауазым
45.	аллерголог	50 мың тұрғынға 1 лауазым
46.	Акушер-гинеколог	10 мың тұрғынға 1 лауазым
47.	аудандық емханалар үшін дәрігер-стоматолог	10 мың тұрғынға 1 лауазым
48.	бөлімшенің аға медбикесі	1 лауазым
49.	Терапиялық бейіндегі бейін кабинеттерінің медбикесі	дәрігер лауазымына 0,5 лауазым
50.	хирургиялық бейін кабинеттерінің медбикесі	дәрігер лауазымына 2 лауазым
51.	хирургиялық бейін кабинеттерінің санитары	1 лауазым
52.	жұқпалы аурулар кабинетінің санитары	1 лауазым
53.	дәрігерлер кабинеттің санитары	3 кабинетке 1 лауазым
54.	стоматологиялық кабинеттің санитары	Кабинетке 1 лауазым

4) Зертханалық-диагностикалық бөлімшенің штаттары

55.	Бөлімше меңгерушісі	Бөлімшеге 1 лауазым
56.	Дәрігер-зертханашы	20 емхана дәрігеріне 1 лауазым
57.	Рентгенолог дәрігері	20 емхана дәрігеріне 1 лауазым
58.	Функционалдық диагностика дәрігері	40 емхана дәрігеріне 1 лауазым
59.	Ультрадыбыстық диагностика дәрігері	20 емхана дәрігеріне 1 лауазым
60.	Эндоскопист дәрігер	20 дәрігеріне 1 лауазым
61.	Зертханашы медбике	Дәрігердің 6 лауазымына 1 лауазым
62.	Рентген зертханашы	Рентгенолог дәрігердің лауазымына 1 лауазым және емханада травматологиялық пункт (кабинет) болған жағдайда қосымша 1 лауазым
63.	Кабинеттердің медбикесі	Дәрігердің 1 лауазымына 1 лауазым
64.	Зертхана санитары	Дәрігер-зертханашының 4 лауазымына 1 лауазым
65.	Рентген кабинеттің санитары	Ауысымға 1 лауазым
66.	Диагностикалық кабинеттердің санитары	1 лауазым

II. БМСК орталығының медициналық және қосалқы қызметшілерінің типтік штаттары мен штат нормативтері

67.	БМСК орталығының директоры	1 лауазым
68.	Жалпы практика дәрігері	Бекітіліп берілген 2000 адамға (ересектер мен балалар) 1 жалпы практика дәрігері лауазымы
69.	Аға медбике	1 лауазым
70.	Орта медбике	Жалпы практика дәрігерлерінің 3 лауазымына 1 лауазым*
71.	Күндізгі стационар дәрігері	15 төсекке 1 лауазым
72.	Күндізгі стационар медбикесі	15 төсекке 1 лауазым
73.	Медбике-зертханашы	Бекітіліп берілген 10 мың тұрғынға 1 лауазым
74.	Бухгалтер-экономист	қызмет көрсетілетін 10 мың тұрғынға 1 лауазым
75.	Статист	қызмет көрсетілетін 5 мың тұрғынға 1 лауазым
76.	Медициналық тіркеуші	Дәрігерлерінің 5 лауазымына 1 лауазым
77.	Санитар	Дәрігердің әрбір 2 лауазымына 1 лауазым
78.	өзге қызметшілер (күзетші немесе күзетші/пеш жағушы, жүргізуші)	3 лауазым

III. Дәрігерлік амбулаторияның медициналық және қосалқы қызметшілерінің типтік штаттары мен штат нормативтері

79.	Аға дәрігер (менеджер)	0,25 лауазым
80.	Жалпы практика дәрігері	Қалалар мен ауылдық жерде тіркелген 2000 адамға (ересектер мен балалар) 1 жалпы практика дәрігері лауазымы, Тұрғындарының саны 1000 адамнан 2000 адамға дейін болатын ауылдық округтердің орталықтарында орналасқан ДА 1 лауазым
81.	Аға медбике	0,25 лауазым
82.	Орта медбике	Жалпы практика дәрігерлерінің 1 лауазымына 3 лауазым * Тұрғындарының саны 1000 адамнан 2000 адамға дейін болатын ауылдық округтерде жалпы практика дәрігерлерінің 1 лауазымы
83.	Күндізгі стационар дәрігері	15 төсекке 1 лауазым
84.	Күндізгі стационар медбикесі	15 төсекке 1 лауазым
85.	Бухгалтер	Дербес ДА 1 лауазым
86.	Санитар	1 лауазым
87.	Өзге қызметшілер (күзетші немесе күзетші/пеш жағушы, жүргізуші)	ДА 2,0-3,0 лауазым

IV. Медициналық пункттердің үлгілік штаттары мен штат нормативтері

88.	Орта медицина қызметшісі	Елді мекендерде орналасқан медициналық пункттерде: 50-ден 1000-ға дейін - 1 лауазым
89.	Акушер	әйелдердің санына қарай 500-ден 1000-ға дейін халқы бар елді мекендерде 1 лауазым
90.	Санитар	Медициналық пунктте 1 лауазым

91.	өзге қызметшілер (күзетші немесе күзетші/пеш жағушы, жүргізуші)	1-2 лауазым
-----	---	-------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК